

Автомобильді ерікті сақтандыру неліктен барған сайын сұранысқа ие болып келеді?

Қазіргі уақытта автокөлікті жөндеу құны жыл сайын дерлік өсіп келеді. Тіпті болмашы соқтығыстың өзі автокөлік иесіне ондаған, ал кейде жүздеген мың теңгеге шығын келтіруі мүмкін. Заманауи бамперді, жарықдиодты фараларды, артқы көрініс айнасын ауыстыру немесе шанақтың бірнеше элементін бояу — отбасы бюджеті үшін айтарлықтай шығынға алып келеді.

Сондықтан да автокөлік иелерінің көбі барған сайын міндетті сақтандырумен ғана шектелмей, өз автокөліктерін қосымша қаржылық тұрғыдан қорғау туралы да ойлана бастады.

"Виктория" СК" АҚ-ның «Авто-access» сақтандыру өнімі дәл осындай жағдайларға арналып жасалған. Бұл бағдарлама - жол-көлік оқиғасы салдарынан автокөлік зақымданған, жойылған немесе жоғалған жағдайда сақтандыру келісімшартының талаптарына сәйкес белгіленген сақтандыру сомасы шегінде сақтандыру төлемін алуға мүмкіндік береді.

Сақтандыру өнімі кімдерге арналған?

Іс жүзінде жол-көлік оқиғасының ықтимал қаржылық салдарын азайтқысы келетін кез келген автокөлік иесі бұл бағдарламаны пайдалана алады.

Сақтандыру арқылы қорғау әсіресе келесідей жағдайларда өзекті:

- көлік жүргізу тәжірибесі енді басталған жаңа жүргізушілер үшін;
- автокөлігін күнделікті жұмысқа бару және жеке шаруаларымен жүруге пайдаланатын жүргізушілер үшін;
- автокөлікті негізгі қатынас құралы ретінде пайдаланатын отбасылар үшін;



- күн сайын көлікпен ұзақ қашықтыққа жүретін автокөлік иелері үшін;

- жолда күтілмеген жағдайлар туындаған кезде қаржылық тұрғыдан қорғауды алдын ала қамтамасыз еткісі келетіндер үшін.

Сақтандырудың мұндай түрі сақтандыру талаптарына сәйкес келетін көлік құралдары бар жеке тұлғаларға да, ұйымдарға да қолжетімді.

Қандай көлік құралдарын

сақтандыруға болады?

Белгілі бір көлік құралын сақтандыру мүмкіндігі сақтандыру өнімінің талаптары мен сақтандыру келісімшартына сәйкес айқындалады.

Негізгі талап — көлік құралы Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен ресми тіркелген болуы тиіс.

Сақтандыру келісімшартын ресімдеу кезінде «СК «Виктория» АҚ мамандары нақты автокөліктің сақтандырудың белгіленген талаптарына сәйкестігін анықтауға көмектеседі.

Қандай оқиғалар сақтандыру жағдайы деп танылады?

Сақтанушылар жиі қоятын сұрақтардың бірі: **«Қандай жағдайларда сақтандыру төлемін аламын?»**

Жауабы өте қарапайым. Егер сақтандыру келісімшартының қолданылу кезеңінде автокөлік жол-көлік оқиғасы салдарынан зақымданса, толық жойылса немесе жоғалса, сақтандыру келісімшартының талаптары сақталған жағдайда мұндай оқиға сақтандыру жағдайы деп танылуы мүмкін.

Сондықтан да кез келген жол-көлік оқиғасынан кейін оқиғаны дұрыс ресімдеу және келісімшартта белгіленген тәртіп пен мерзімдерде жол-көлік оқиғасы туралы сақтандыру компаниясына уақтылы хабарлау өте маңызды.

Сақтандыру төлемінің мөлшері қалай айқындалады?

Кейде сақтандыру компаниясы кез келген соманы өз қалауынша төлейді деген пікірді естуге болады. Мұндай пікір — дақпырт.

Залалдың мөлшерін айқындауда автокөлікті қарап-тексеру нәтижелері бойынша зақымданудың сипаты, қалпына келтіру бойынша жөндеу жұмыстарының құны және жасалған сақтандыру келісімшартының талаптары ескерілетін болады.

Егер сақтанушының келтірілген залалды бағалауға қатысты сұрақтары болса, Қазақстан Республикасының заңнамасында сақтанушының құқықтарын қорғаудың тиісті тетіктері, оның ішінде белгіленген тәртіппен тәуелсіз бағалау жүргізу мүмкіндігі көзделген.

Осылайша, келтірілген залалдың мөлшерін айқындау рәсімі сақтандыру келісімшартының талаптары мен Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген талаптар ескеріле отырып жүзеге асырылады.

Шектеулер бар ма?

Кез келген сақтандыру келісімшарты сияқты, автокөлікті ерікті сақтандыру келісімшарты да белгілі бір талаптарды, шектеулерді және айрықша шарттарды қамтиды.

Сақтандыру қорғанысы, атап айтқанда, автокөлік иесінің немесе жүргізушінің қасақана әрекеттері салдарынан болған жағдайларға, көлік құралын алкогольдік, есірткілік немесе өзге де масаң күйде басқаруға, автокөлікті жарыстарға немесе оқу мақсатында жүргізуге пайдалануға, сондай-ақ сақтандыру келісімшартында көзделген өзге де жағдайларға қолданылмауы мүмкін.

Көлік құралының әдеттегі ақаулары, бөлшектердің табиғи тозуы, зауыттық ақау, автокөліктің өзіне зақым келтірілмеген жағдайда шиналардың зақымдануы, сондай-ақ келісімшарттың шарттарында көзделген кейбір өзге де жағдайлар — сақтандыру жағдайлары болып табылмайды.

Мұндай шектеулер сақтандыру нарығында кеңінен қолданылатын тәжірибе болып табылады және сақтанушылар үшін сақтандыру арқылы қорғаудың түсінікті әрі бірыңғай талаптарын белгілеуге мүмкіндік береді.

Көптеген адамдар іс жүзінде құжаттарды оқымай, оларға қол қоя салады. Алайда сақтандыру келісімшарты — ең алдымен, екі тараптың құқықтары мен міндеттерін және сақтандыру қорғанысын ұсыну талаптарын айқындайтын құжат.

Сондықтан полисті ресімдеу кезінде «СК «Виктория» АҚ мамандары келісімшарттың әрбір талабын қарапайым әрі түсінікті тілмен егжей-тегжейлі түсіндіруге әрдайым дайын.

Сақтандырудың құндылығын алдын ала бағалау мүмкін емес. Сақтандыру күтпеген жағдайлар туындаған кезде ғана өз күшіне енеді.

Сондықтан тәжірибелі жүргізушілердің көбі былай дейді:

«Полис рәсімдеп, оны бірде-бір рет пайдаланбау — бір күні оның болмағанына өкініп қалғаннан гөрі жақсы.».

Сіздің автокөлігіңіз қорғауға лайық.

«Виктория» СК» АҚ-ның «Авто-access» ерікті сақтандыру бағдарламасы — жолда өзін сенімдірек сезінгісі келетіндер мен автокөлігін қаржылық тұрғыдан қорғауды алдын ала ойластырғысы келетіндер үшін қолжетімді шешім.

Өйткені ертең не болатынын алдын ала болжау мүмкін емес. Алайда автокөлікті ғана емес, отбасыңыздың тыныштығын да сақтауға көмектесетін шешімді бүгін-ақ қабылдауға болады.

Көптеген адамдар автокөлікті ерікті сақтандыру қымбат деп санайды. Шын мәнінде, «Авто-access» сақтандыру өнімі автокөлік иелерінің басым көпшілігі үшін қолжетімді сақтандыру арқылы қорғау ретінде әзірленген.

Бар болғаны 2 000 теңгеге автокөлік иесі 12 ай мерзімге сақтандыру арқылы қорғауға ие болады. Сақтандыру жағдайы туындаған кезде және сақтандыру келісімшартының талаптарына сәйкес 70 000 теңгеге дейінгі мөлшерде сақтандыру төлемі жүзеге асырылады.

Егер сізде сұрақтар туындаса немесе сақтандыру полисін рәсімдегіңіз келсе, «Виктория» СК» АҚ-ға хабарласыңыз.

Біздің байланыс нөміріміз: +7 (727) 279-55-80 www.vic.kz. Сақтандыру нарығында 33 жылдан астам жұмыс тәжірибеміз бар.